

**Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 327 "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 204 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2016 жылы 12 мамырда № 3827 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 08 ақпандағы № 46 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 08.02.2017 № 46 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына, "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 276 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 25 Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының бұйрығына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыс әкімдігінің 2015 жылғы 23 шілдедегі "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы" № 327 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2015 жылдың 7 тамызда № 3329 тіркелген, 2015 жылғы 20 тамыздағы № 94 "Жетісу" мен "Огни Алатау" газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген регламенттерде:

бүкіл мәтін бойынша "Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің "Халыққа қызмет көрсету орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – орталық)", "Орталықпен", "Орталыққа", "Орталық" деген сөздер "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы ( бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация)", "Мемлекеттік корпорациямен", " Мемлекеттік корпорацияға", "Мемлекеттік корпорация" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. "Алматы облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары Ғ. Р. Абдраймовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Алматы облысының әкімі*

*А. Баталов*